

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ Теректі негізгі МЕКТЕБІ

2021 – 2022 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің атқарылған жұмыстары туралы ақпарат

2021 – 2022 оқу жылында білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру, тез дамып келе жатқан ақпараттық өоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету, психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке-дара қолдау көрсету мақсатында тамыз, қыркүйек айында психологиялық қызметтің жылдық жоспар құрылып, бірнеше әдістемелер өткізіліп, нәтижесі шығарылды.

Оқушылардың мектепке дайындығын диагностикалауда ең алдымен 1 сынып оқушыларынан Керн Иерасек тесті алынып, нәтижесінде 3-6 ұпайға дейін ортадан жоғары, 7-11 ұпайға дейін орта ұпайларды жинап, оқушылардың оқуға дайындығын орташа, ортадан жоғары деп бағаланды. Есте сақтау қабілетін анықтау үшін Джекобсон әдістемесі, А.Р Лурияның қысқа мерзімде есте сақтауға арналған әдістемесі алынды. Зейінін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. Оқу басталу кезі оқушыларға психологиялық және жауапкершілікті уақыт. Бейімдеу балаларда ұзаққа созылатын процесс болғандықтан осы жағдай бірінші 5-сыныптардың оқушыларында білінеді. Әр-түрлі әдістемелік тәсілдер: бақылау, әңгімелесу, сауалнамалар алынды. «Менің сыныбым» әдістемесі, «Мектептік мотивация» Н.Г Лускановтың әдістемесі, «Кактус» жобалау әдістемесі жүргізілді. Мақсаты 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау. Нәтижесінде әрбір оқушының жеке мінез – құлық және араласу ерекшеліктері, айналасына және өз-өзіне деген қарым-қатынас ерекшеліктері белгіленіп, әр оқушының бейімделуінің деңгейі анықталды. Сараптама қортындысы бойынша 5-сынып оқушыларының психологиялық бейімделуі орташа деңгейін көрсетті.


Мектеп алды даярлық тобындағы балалардың таным процестерін анықтау және дамыту жұмысы жүргізілді. Жалпы мақсаты психиканың танымдық өрістерін дамыту және коррекциялау, ойлауды, заттарды белгілі бір белгілеріне қарай жалпылай алу іскерліктерін дамыту.

2 – 4 сынып аралығындағы оқушылармен еске сақтау қабілетін анықтау және дамыту жұмыстары жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларына сергіту жаттығулары және нейропсихологиялық жаттығулар жүргізілді.

5 сынып оқушыларымен «Із кезушілер» психологиялық акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты – қатысушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарды жинақтау арқылы өмір сүру кеңестігін кеңейту. 5-6-9 сынып оқушылары араласып 3 топқа болініп, тапсырмаларларды берілген уақыт ішінде орындап шықты.

Тапсырмаға берілген уақыт аяқталған кейін, бланкадағы жауаптар тексеріліп, жауаптармен сәйкестендірілді. Жиналған ұпай сандары есептеліп, жеңімпаздар анықталып, 2-ші топ оқушылары марапатталды.

ТЕРЕКТИ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ "Із кезуші" Психологиялық акциясы



6-7-8 сынып оқушыларынан зорлық-зомбылық бойынша сауалнама алынып нәтижесі өңделді. 8-9 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды. Мақсаты оқушылардың стресс, депрессия, мазасыздық күйін анықтау. Нәтижесі бойынша стресс, депрессия, мазасыздану деңгейін көрсетіп тұрған оқушы жоқ.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша «Әлімжеттіліктен қорғау» сауалнамасы анонимді түрде алынды. Сауалнама қортындысы бойынша: оқушылар арасында, топтар арасында ақша жинау немесе қорқыту фактілері жоқ. Оқу орнында «қараушы» немесе бейресми жетекші жоқ. Оқу орынында оқушылар арасында зорлық фактісі жоқ.

Отбасы күніне орай ата-аналармен «Отбасыда арт-терапия тәрбие құралы ретінде» тақырыбында тренинг сағаты өткізілді



«Зорлық зомбылық пен мейірімсіздікті насихаттайтын смартфон ойындарының таралуы мен қолданылуы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.



6-7-8-9 сынып оқушыларымен «Отбасында толерантылық мінез-құлық қалыптастыру», «Құқық бұзушылықтың алдын алу басты – міндет» тренинг сағаты өткізілді.



Қыздар клубы қайта ашылып қыздармен бірге «Сырғалым» атауы таңдалып қыздар клубы құрылды. Қыздар клубының жылдық жоспары құрылып, қыркүйек, қазан айында «Бойжеткен ережелерімен» таныстыру, «Жеке бас гигиенасы» бойынша мектеп медбикесімен бірге қыздармен тәрбие сағаты өткізілді.



Қазан, желтоқсан айларында 1-4 сынып оқушыларымен «Психомоториканы дамыту жұмыстары», сергіту сәттері жүргізілді. Психологиялық акция «Бақыт» тақырыбында тренинг сағаты өткізілді.



5-6-7 сынып оқушылармен диагностикалау бойынша Айзенк, Депрессия шкаласы (А.Т Бека), Зунге шкаласы (Т.И.Балашованың бейімдеуі бойынша). Мақсаты сауалнама депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау үшін алынды. Депрессияның деңгейі (ДД) барлық сызықтардың қосындысы ретінде есептелді. Нәтижесінде барлық оқушылар ДД 50 балдан аспады, және депрессиясыз күй болып есептелді.

8 сынып оқушыларынан Штур тесті алынды. Мақсаты мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау үшін алынды.

Психологиялық акция «Бақыт» тақырыбында тренинг сағаты өткізілді.

5-6 сынып, 7-8 сынып, 9 сынып оқушылары арасында психологиялық акция «Құпия дос» ойыны ойнатылды. Ойынның басты мақсаты – оқушылар бір-біріне қуаныш сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту болды. Апта соңында қортындылап, оқушылар бір-біріне сыйлықтарын табыстап, тілектерін айтып өтті. Ойын оқушыларды қызығушылықтарын арттыруға, жан-жақтылыққа, әдемілікке, тату, қамқор болуға үйретті.

Психологиялық акция «Құпия дос» ойыны



9 сынып оқушыларынан “НСВ 10” - тесті алынды. Суицидтік мәлімдемелердің бар-жоғын анықтау мақсатында, берілген сөйлемдердің еркін аяқталған ұсыныстардың мазмұны талданды. "НСВ-10"тестінің нәтижелерін өңделді,сөйлемдердегі үш немесе одан да көп суицидтік мәлімдемелердің болмауы респонденттің суицидтік мінез-құлқы жоқ екенін көрсетті.

Кәсіби бағдарды бағдарлау бойынша:

- Климов әдістемесі
- Голомшток картасы
- Қызығушылық картасы әдістемелер алынды.

Нәтижелері өңделіп, оқушылардың таңдауы

Адам-техника бағдарын таңдағандар – Елеуханов Сағындық, Төлегенова Фатима(Байланыс желілері,радиобайланыс, электромеханика, автоматика, металды қысымды өңдеу) мамандықтары кіреді.

Адам-адам бағдарын таңдағандар – Досқазиев Ғаламат, Тәжіғалиева Ләйлә,(емдеу ісі, медициналық профилактикалық іс, стоматология, медбике, мұғалім, педагог-психолог,заңгер, сатушы, тігінші, фотосуретші, менеджер)мамандықтар кіреді.

Адам-табиғат бағдарын таңдағандар - Жұмаш

Толғанай(Агрономия,жеміс жидек шаруашылығы, тағамдар технологиясы)

«Тәуелсіздікке 30 жыл» аясында «Тәуелсіздік - ел тұғыры!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



«Сырғалым» қыздар тобының 7-8 сынып қыздарымен «Қыздарға әдемілік жарасады»тақырыбы бойынша қолөнер бұйымдарымен қазақ қыздарының бейнелерін әсемдеді.



Қаңтар, ақпан, наурыз айларында қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. 1 сынып бойынша «Тыңда және орында», «Ассоциация», «Жоғалған зат», «Сөйлемдерді құрастыру», «От, су, ауа», «Сәйкестендіру» жаттығулары мен ойындары жүргізілді.

2-3 сыныптар бойынша «Бұзылған телефон», «Түйме», «Корректорлық тапсырмалар», «Жасырынып тұрған сөздерді тап», «Сөйлемдерді құрастыру», «Сөздер тізбегі» жаттығулары мен ойындары жүргізілді.

4 сынып бойынша «Бұзылған телефон», «Аспан-жер-су», «Барлығын еске түсіру», «Шатасқан әріптер», «Сәйкестендіру» жаттығулары мен ойындары жүргізілді.

«Мен қандаймын?» фигураларды таңдау арқылы 4-5 сынып оқушыларына мінез-құлықтарына сипаттама берілді.

5-6 сынып оқушыларымен сергіту жаттығулары жүргізілді.

Диагностика бағыты бойынша 9 сынып оқушыларынан мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (Штур) алынды. 4 сынып бойынша «Кактус» жобалау әдістемесі алынды. 8-9 сынып оқушыларынан Личко тесті (МПДО) алынып нәтижелері өңделді.

8 сынып оқушыларымен «Ұйқыдағы қала» психологиялық жобалық ойыны өткізілді. 9 сынып оқушыларымен «Емтихан» іскерлік-ойын өткізілді.



8-9 сынып оқушылар арасында «Тесік шелек» психологиялық сабағы өткізілді. Сергіту сәті ретінде әуенді релаксациялық жаттығулар өткізілді. Мақсаты медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалды.



8-9 сынып оқушыларымен «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті» тақырыбында ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.

**Вейп – денсаулыққа
өте қауіпті!**



Сәуір, мамыр айларында 4 сынып оқушыларынан біліктілікті зерттеу (Э.Ф Замбадавичене әдістемесі) алынып, нәтижесі өңделді. Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілетін анықтау.

1-4 сынып оқушыларына эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар жүргізілді:

- «Менің көңіл күйім неге ұқсайды?»
- «Айна» жаттығуы
- «Қағаздан жасалған қар» (агрессияны төмендетуге арналған жаттығулар)
- «Өртүрлі кейіпкерлер» жаттығуы
- «Түсіру!» жаттығуы

8-9 сынып қыз балаларымен «Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мектеп медбикесі Жайсанбаева Алиямен бірге ақпараттандыру, түсіндіру, алдын алу жұмыстары жүргізілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша:

Девиантты мінез-құлықты оқушылар жоқ.	Зауыт полиция бөлімінде есепте тұрған оқушы	Мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ	Тәуекел тобына алынған	Бақылауға алынған	Есепке алынған оқушыларды
0	0	0	0	0	0

Ұсыныс: Ата-ана мәдениетін көтеру. Психологиялық-физиологиялық әлсіз оқушылармен жұмыстар жүргізу. Келеңсіз жағдайларды алдын-алу жұмыстарын жандандыру.

Педагог-психолог: Кошкарбаева А.Н